

МӘДЕНИ-САУЫҚТЫРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ БОС УАҚЫТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Түйіндеме

Бос уақытты ұйымдастыру барысында мәдени-сауықтыру мекемелерінің атқаратын рөлі зор. Мақалада мәдени-сауықтыру мекемелерінің алғышарттары мен артықшылықтары туралы жан-жақты ғылыми тілде зерттеулер жүргізілген. Бос уақытты немесе жалпы адамдардың, студенттердің мәдени-тынығу уақытын ұйымдастыруда мәдени-сауықтыру мекемелерінің маңызы туралы зерттеулер келтірілген. Сонымен мәдени-сауықтыру мекемелерінің түрлері және атқаратын қызметі туралы жазылған. Мақаланы жазу барысында нақты келтірілген дәлелдер мен зерттеулерге, ғылыми жұмыстарға жүгіндік.

Тірек сөздер: Мәдени-сауықтыру, бос уақыт, мәдениет, қоғам, тетар, спорт, даму, демалыс.

PREREQUISITES AND ADVANTAGES OF ORGANIZING FREE TIME IN CULTURAL AND HEALTH INSTITUTIONS

Abstract

Cultural and recreational institutions play an

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI
ARAŞTIRMALARI
DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF TURKISH
WORLD STUDIES
CİLT 5 / SAYI 4 / EKİM
2022

**Sorumlu Yazar
Corresponding Author**

Ulbosın
BELGOZİYEVA
Aға Оқытушы, Қазақ
Ұлттық Қыздар
Педагогикалық
Университеті
kulip.oyan@mail.ru

**Gönderim Tarihi
Received**
07.09.2022

**Kabul Tarihi
Accepted**
14.09.2022

Atıf
BELGOZİYEVA,
Ulbosın (2022).
“Мәдени-Сауықтыру
Мекемелерінде Бос
Уақытты
Ұйымдастырудың
Алғышарттары Мен
Артықшылықтары”,
*Uluslararası Türk
Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (5/4), 81-90.

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

important role in the organization of leisure. The article provides comprehensive scientific research on the prerequisites and advantages of cultural and recreational institutions. The article presents research on the importance of cultural and recreational institutions in the organization of leisure or cultural and leisure time of people in general, students. So, it is written about the types and functions of cultural and recreational institutions. When writing the article, we turned to clearly stated evidence and research, scientific papers.

Key Words: Cultural and leisure, leisure, Culture, Society, theater, sports, development, recreation.

Кіріспе

Мәдени-сауықтыру мекемелері дегеніміз халыққа әлеуметтік-мәдени, ағартушылық, сауықтыру сипаттағы әртүрлі ойын-сауық қызметтерін ұсынатын кешен. Негізгі қызметі халықтың әлеуметтік-мәдени белсенділігін және бос уақытын, демалысын ұйымдастыру. Мәдени-сауықтыру мекемелері адамдардың жасына, ұлтына, біліміне, әлеуметтік жағдайына саяси сеніміне және дінге қарамастан барлық халыққа бірдей қызмет етеді. Адамзаттың қарқынды дамуына байланысты қоғамда мәдени-сауықтыру кешендерін дамытып, адамдардың оған деген қызығушылықтарын арттыру бүгінгі қоғам алдындағы негізгі атқаратын қызметтердің бірі болып саналады. Біздің заманымызда балалардың және жасөспірімдердің, жастар мен жалпы қоғам азаматтарының қажеттіліктері мен қызығушылықтары күннен-күнге өзгеріп күрделеніп барады. Халықтың бос уақытын ұйымдастыруда мәдени-сауықтыру мекемелерінің қатысты Н.Г. Морозовтың мына пікірін ұсынамын: «Мәдени-сауықтыру мекемелері әртүрлі қызмет түрін ұсынуы қажет. Қоғамдағы адамдар бір-бірінен қажеттіліктерімен, кәсіби жағдайымен, мәдениет деңгейімен, бос уақытының бюджетімен және оған деген көзқарасымен ерекшеленеді. Дәл осыны замануи мәдениет және демалыс мекемелерінің жұмыс барысында ескерілуі керек. Жастарға әр жағдайда ең тиімді бос уақытты, таңдау еркіндігін және әр түрлі қызмет түрлерін ұсыну керек (Морозов, Алексеев, 2013: 45).

Күнделікті өмірде кездестіріп жатқан кез-келген құбылыстар мен болып жатқан оқиғалардың барлығы адаммен тығыз байланысты. Дербес мемлекеттер алға қарай қарқынды дамыған сайын адам баласының жасайтын жұмысы мен жұмсайтын энергиясы күннен-күнге артып келеді. Заман ағымына қарай түрлі жұмыстар мен мамандық иелері әр күн сайын көбеюде. Дәл осы ретте, жұмыстан бөлек демалыс уақыттары да жүйелі ұйымдастырылуда. Қазіргі таңда адамдардың демалысы мен бос уақытын ұйымдастыру үшін түрлі қызметтердегі компаниялар мен агенттіктер жұмыс жасайды. Әлем халқының басым бөлігі жеке құндылықтарды дәріптеуге қатты мән береді. Адамның жасап жатқан жұмысы сапалы болуы үшін ең әуелі адамның тұрақты түрде белгіленген демалыс уақыты болуы керек. Демалыс уақытын адамдар өз жағдайлары мен қажеттіліктеріне қарай түрлі мақсатта пайдаланады. Бос уақытты ұйымдастыруда мәдени-сауықтыру мекемелері жақсы жұмыс жасайды. Оларға театр, концерттер, рухани кештер, ұйымдасқан клубтар, кітапхана және мәдениет үйлері жатады. Бұл жерлерде адамдар тек демалып қана қоймай, бос уақытын тиімді әрі пайдалы етіп өткізеді. Кез-келген адамға тәулігіне жиырма төрт сағат беріледі. Бұл жердегі ең маңызды дүние көп жұмыс жасау емес, уақытты жүйелі пайдалану. Уақытты жүйелі пайдаланған адам атқарылуы керек жұмысқа кететін уақыттың 80% пайызын үнемдейді екен. Ал, уақытты жүйелі пайдалану үшін міндетті түрде әр күнге, әр аптаға, әр айға тіпті әр жылға жоспар құру керек. Сонда ғана адам өз жұмыс уақытын да демалыс уақытын да дұрыс әрі жүйелі пайдалана алады. Бос уақытты ұйымдастыру барысында адам көп нәрсені ескергені жөн. Бос уақыт адамның миын тынықтырып, рухани және мәдени демалыс болуы керек. Адамдардың теңдесіз жетістіктерінің арқасында жер шары күннен-күнге дамып, адамзат тарихында түрлі көз қуантарлық жаңалықтар орын алуда. Бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған дербес мемлекеттер қайталанбас дүниелер ойлап тауып, бірін-бірі басып озуда. Адамның әлемге деген қызығушылығы мен білім-ғылымға құштарлығы оянуы үшін мықты мамандар мен білікті мұғалімдер жан-жақты

жұмыс жасаулары керек. Дәл осы салада мәдениет, өнер, спорт салаларының қызметкерлері мамандықтарын мықты меңгеріп, адамзаттың демалу үрдісіне жан-жақты қызмет атқарулары қажет. Бұл ретте мәдени-сауықтыру мекемелері қарқынды жұмыс жасауда. Мәдени-сауықтыру мекемелерінде жастардың бірлескен іс-әрекеті жеке адам үшін де, жалпы қоғам үшін сенімділік пен маңыздылық береді. Сонымен қатар, қоғамдық белсенділік пен шығармашылықты дамыту, мәдени сұраныстар мен қажеттіліктерді қалыптастыру, бос уақыт пен демалысты ұйымдастырудың әртүрлі формалары, адамдардың рухани дамуына және жас буынның кез-келген салады қарқынды әрі ашық жұмыс жасауына септігін тигізеді (Лекишвили, 2014: 85).

Мәдени-сауықтыру мекемелерінің негізгі мақсаты мынадай:

1. Адамның бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру;
2. Мәдени ағарту, көркем шығармашылық;
3. Эстетикалық сезімдерін дамыту;
4. Мәдени ойын-сауық шараларын өткізу;
5. Қойылымдар арқылы адамды демалдыру;
6. Спорттық жаттығулар арқылы денені шынықтыру;
7. Рухани кештер арқылы адамның жан-дүниесін байыту.

Дәл осы мақсаттарды негізге ала отырып, адамдардың бос уақытын мәдени-сауықтыру мекемелері де ұйымдастырады. Кей адамдар бос уақытын ұйымдастыру үшін түрлі қызмет түрлерін пайдаланды. Бос уақыт тек қана адамны физикалық демалуымен ғана шектелмеуі керек. Дамыған дәуірде түрлі қызмет түрлері бар. Жастардың тапқырлығының арқасында түрлі мәдени-сауықтыру іс-шаралары өткізіліп жатыр. Адамдар бұл демалыста тек бос уақытын ұйымдастырып және демалып қана қоймай,

сондай-ақ Алматының немесе еліміздің басқа да табиғи және тарихи орындарына саяхат жасайды. Ойланып іс-әрекет еткен адамның жасаған әр жұмысы өзіне де өзгегеде пайдалы болады. Бұдан бөлек еліміздегі театрлардың өзі адамның бос уақытын ұйымдастыруда үлкен рөл атқарады. Театрда жанды дауыста спектакль тамашалап, адамның рухани мәдениеті дамып, жан тыныштығы мен жүрек тыныштығына кенеледі. Адамдардың басым бөлігі бос уақытты ұйымдастырудың дәл осы түрін таңдайды. Себебі, театр ежелден келе жатқан құнды мәдениеттің бір түрі. Қазақ сахнасын ең алған Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек пьесасымен ашқан қазақ спектаклі бүгінгі таңда мәдениеттің биігін бағындырып, әлемді мойындатып жатыр. Көрермен қауымға қуаныш пен шынайық, махаббат пен адалдық, мықтылық пен қайсарлық сыйлау үшін түрлі спектакльдер дүниеге келді. Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры тек Алматы халқын ғана емес, сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпірінде гастрольдік сапармен аралап жүр. Бұның өзі адамдарды мәдени-сауықтыру аясында өтіп жатқан ауқымды іс-шаралардың бірі. Қазақстанда мәдени-сауықтыру мекемелері мен кешендері бүгінгі таңда қарқынды жұмыс атқаруда. Еліміздің түкпір-түкпірінде дәл осы салада қызмет жасап жатқан мамандар мен тұтынушылар өте көп. Мәдени-сауықтыру мекемелері түрлі бағытта жұмыс жасайды. Атап айтсақ, қазақтың ұлттық ойындарын, концерттік іс-шаралар, ауқымды жобаларды негізге ала отырып адамдардың бос уақытын ұйымдастырады.

Мәдени-сауықтыру мекемелерінің қызметі сапалы болуы үшін ең әуелі замануи және адамды қызықтыратын іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Мәдени-сауықтыру мекемелерін құру кездейсоқ пайда болған сала емес. Яғни, адамдардың бос уақытындағы мүдделері мен ұмтылыстарын дамытудың нақты процестері, олардың мәдени және бос уақытын ұйымдастыруға жаңа көзқарасты, оның мазмұны мен басқару негіздерін кеңейтуді талап етеді. Сол себептен де мәдени-сауықтыру мекемелерінің және

демалыс орындарының құрылуына Н.А.Шарковская төмендегідей параметрлерді ұсынған:

- аймақтағы жағдайларды көрсететін нақты мәдениет орындарын ескеру;

- әлеуметтік саланың даму тенденциясын сипаттау;

- аймақтың экономикалық, географиялық, этикалық және басқа да ерекшеліктерін білдіретін таза аумақ.

Бұл параметрлердің әрқайсысы өз алдына әлеуметтік-мәдени орталықтың ең қолайлы құрылымын, оның қызметінің басым бағыттарын іздеуге негіз болады (Шарковская, 2014:126) Қазіргі таңдағы адамдар үшін ең бағалы дүние оның баға жетпес құнды уақыты болып саналады. Сол себепті адамдар уақыттарын жүйелеу барысында ең бірінші жұмыс сапасы мен нәтижесіне басты назар аударыды. Егерде сіз ұйымдастырған іс-шара көрерменнің көңілінен шықпаса жұмыс бағытыңызды басқа арнаға бұрып, замануи құндылықтар мен қажеттіліктерді ескеруіңіз керек. Мәдени-сауықтыру мекемелері дамдардың бос уақытын ұйымдастырып, дұрыс демалуын жүйелеп, тұтынушы аданың қажеттілігін өтеуі қажет. Сондықтан да бос уақытты ұйымдастыру саласының қарқынды дамытуды қолға алу керек. Мәдени-сауықтыру мекемелері әртүрлі қызмет түрлерін ұсынады. Мәдени-сауықтыру мекемелері төмендегідей бағыттарда іс-шаралар өткізеді:

1. Азаматтық тәрбиеге байланысты іс-шаралар;
2. Еңбек тәрбиесіне байланысты;
3. Қосымша білім беру мен эстетикалық тәрбиеге байланысты;
4. Экологиялық және салауатты өмір салтын насихаттауға байланысты.

Адамзаттың қарқынды дамуының арқасында қазіргі таңда тынығудың түрі өте көп. Бастысы адам өзінің нақты қалай демалатындығын анықтап, уақытын жүйелеп алуы қажет. Тынығу мен демалу уақытын ұйымдастырып, жүйелі өткізуде мәдени-тынығу жұмысы маңызды рөл атқарады.

Мәдени-сауықтыру мекемелерінде түрлі қызмет түрі бар. Негізгі мақсат - адамдардың бос уақытын тиімді әрі жоспарлы өткізу және адамды сауықтырып, бойындағы барлық кереғар пікірлер мен сөздерден арылту. Бос уақытты тек демалыспен ғана емес, сондай-ақ мәдени тынығу демалысын жоспарлы ұйымдастыру. Бос уақытты ұйымдастыру арқылы адам өзінің демалысын өткізіп қана қоймай, сондай-ақ демалу барысында мол күш-жігер жинайды. Сол себепті бос уақытын тиімді өткізу кез-келген адамға пайдалы. Адам жасап жатқан жұмысынан жақсы нәтиже көргісі келсе міндетті түрде дұрыс демалыс түрін таңдауы керек. Дұрыс демалу арқылы жұмысқа деген энергия мен шабыт аламыз. Ал, миы тынығады, жақсы демалған адамның жұмысы міндетті түрде нәтижелі болады.

Мәдениет ошақтары мемлекеттік, қоғамдық, жеке, кооперативтік, ведомстволық мәдениет, спорт, халыққа білім беру, акпарат, жарнама, қызмет көрсету мекемелерінің және тағы да басқа ерікті бірлестіктерден құрылады және заңды тұлға мәртебесіне ие болады. Оларды ашу аумақтық-өндірістің принцип бойынша, дербес заңды тұлға мәртебесін сақтайтын белгілі бір әлеуметтік-мәдени, демалыс және сабақтас құрылымдарды шарттық негізде біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Полукаровтың пікірінше, оларды құрудың негізгі мақсат-міндеттеріне байланысты әлеуметтік-мәдени объектілерді біріктіру, оның құрылымдық бөлімшелері мен құрылымдарының шығармашылық бос уақытын өткізу әлеуетін іске асыру үшін қолайлы жағдайларды пайдалану, бірлескен ауқымды іс-шараларды ұйымдастыру және әлеуметтік-мәдени бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асыру (Полукаров,2012:135). Мәдени-тынығу ықылым заманнан бері келе жатқан демалудың бір түрі. Ата-бабаларымыз той-томалақ пен жиын-терімнің өзін демалысқа айналдыра білген. Серілердің суырып салып айтқан әуезді әндері, жыршылардың күн түн демеу айтқан толғаулары, жыр-дастандары дәл осы мәдени-тынығу жатады. Себебі, шырқалған ән мен төгілген жырдың астарында төл

мәдениет пен өнегелі тәлім-тәрбие жатыр. Айтылған әр сөз мiрдiң оғындай өз орнын таба бiлген. Қазақ үйдiң iшiне жиылған жақсы-жайсаңдар ән арқылы демалып, тынығудың тамаша жолын көрсеткен. Ән салу немес жыр оқып, күй шерту адам баласының жүрегiн ерекше тебiрентiп, жан дүниесiн керемет сезiмге бөлейтiн құдiреттi күш. Әндi тыңдаған адамның өзi керемет әрi әсерлi күй кешедi. Мәдени-сауықтыру пәнi бос уақытты және демалуды ұйымдастыруда студенттiң бiлiм деңгейiн көтеру үшiн оқытылады. Мәдени-сауықтыру пәнiнiң негiзгi мақсаты барлық адамдардың бос уақытын тиiмдi ұйымдастыру. Қазiргi таңда адамдар қауырт жұмыстан бас ала алмай жатыр. Яғни, адамның жұмысы көбейген сайын басқа жаққа бет бұруға мүмкiндiгi аз. Сондықтан, әрбiр мәдени мекеме адамның демалатын, достарымен, таныстарымен кездесулер өткiзетiн, бос уақытын тиiмдi өткiзетiн орынға айналуы тиiс. Халықтың мәдени-демалыс дұмыстарына деген қызығушылығы тұрақты болса, мәдениет мекемелерiндегi аудитория немесе басқа да мәселелер шешiмiн табар едi. Ол үшiн, М.С.Разумованың пiкiрiнше, мекеме қызметкерлерi адамдардың көңiл-күйiн қызығушылықтары мен рухани қажеттiлiктерiн бiлуi, олардың мәдени-демалыс қызметiнiң түрлерi мен нысандарының уәждi таңдауын ескере отырып, жұмысты ұйымдастырулары қажет. «Адамдармен қарым-қатынаста әдептiлiктi сақтау керек, әрбiр жеке жағдайда аудиторияның көңiл-күйi мен сұранысын ескерiп, кез-келген жағдайда кәсiбилiк таныту керек. Халықтың мүдделерi мен талаптары әртүрлi жасқа байланысты ерекшеленедi. Сондықтан әр адамның жас ерекшелiктерiне қарай қызығушылықтары мен қажеттiлiктерiне аса мән беру керек. сондай-ақ жастар арасындағы жұмыстың мазмұнына, формалары мен әдiстерiне ерекше назар аудару керек» (Разумова,2011:35) Ал, кейбiр адамдар уақытын жүйелi пайдаланып, көп жағдайда тайм-менеджментке сүйенедi. Тайм-менеджмент – уақытты ұйымдастыруға арналған замануи технология. Тиiмдiлiк пен нәтиженi арттырудың ең тиiмдi процесi. Мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыру барысында тайм-менеджментке жүгiну өте тиiмдi тәсiлдiң

бірі. Себебі, бос уақытты ұйымдастыру барысында тайм-менеджменттің пайдасы зор.

Мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыру барысында студенттер түрлі бағытта дәріс алады. Негізгі мақсат болашақ маманды жан-жақты әрі білікті етіп дайындау. Сапалы маман даярлау барысында студенттер «хореография», «эстрадалық ән салу», «сценарий шеберлігі», «режиссура», «бос уақытты ұйымдастыру», «визаж», «актер шеберлігі», «арт-менеджмент», «сахна өнері», «фортепиано» туралы жан-жақты әрі тереңнен білім алады. Мәдени-тынығу жұмысы саласында эстрадалық вокалдың алатын орны ерекше. Ұйымдастырушының біліктілігін арттыру мақсатында маманға нотадан бастап барлық ән салудың қыр-сырын үйретеді. Кез-келген концерттік іс-шараның жоғары деңгейде өтуі тікелей ұйымдастырушы маманға байланысты. Мәдени-сауықтыру мекемелерінің жұмыс алға қарай дамыту мақсатында елімізді ауқым жобалар қорғалып жатыр. Басты мүдде қоғамдағы адамдардың бос уақытын мәдени-сауықтыру мекемелері арқылы ұйымдастыру. Мәдени-сауықтыру мекемелерінде адамдар тек демалу ғана шектелмейді. Аты айтып тұрғандай мәдени тынығып, сауықтыру шараларына қатысады. Мекемелер мен кешелендерде ауқымды іс-шаралар. Қызықты спорттық ойындар, түрлі жанрдағы қойымдар қойылып, адамның бос уақытының қызықты әрі пайдалы етіп өтілуіне көп жағдай жасалады. Адамдардың мәдени-сауықтыру мекемелеріне барып уақыт өткізуі өздері үшін анағұрлым пайдалы болмақ. Еліміздің әр аймағында мәдени-сауықтыру мекемелері бар. Әр мекемеде жүйелі тәртіп пен адамдардың қажеттіліктерін өтеп, өызығушылықтарын арттыратын түрлі қызмет түрлері бар. «Денсаулық зор байлық» деп дана халқымыз айтқандай бос уақымызда рухани дамып, сауығып, тынығу мен демалудың дұрыс түрін және мәдени-сауықтыру кешенін таңдаған дұрыс. Заман талабына қарай әрекет жасаған адам қоғам арасында белсенді, көзі ашық, көкірегі ояу болады. Дамыған дәуірде бәсекеге қабілетті болу әр адамның мойнына жүктелген міндетпен пара-пар. Уақытты жүйелі пайдалану

арқылы, ұлттық құндылықтарымызды бойымызға сіңіріп, рухани демалу үшін мәдени-сауықтыру мекемелерінің қызмет түрлеріне аламыз.

Пайдаланылған Әдебиеттер

- МОРОЗОВ Г.Н., Г.В.Алексеев «Культурно-досуговые учреждения: проблемы и решения»// Власть.- 2013 г.
- ЛЕКИШВИЛИ А.В. «Организация деятельности в учреждениях культуры»// Новые исследования Тувы.- 2014 г .
- ШАРКОВСКАЯ Н.В. «Культуро-творческие формы организаций молодежного досуга»// Вестник Московского государственного университета.- 2014 г.
- ПОЛУКАРОВ В.В. Теория и практика клубной деятельности, как основа организации досуга современных школьников». Гуманитарные науки. – 2012 г.
- РАЗУМОВА М.С. «Направления развития учреждений культурно-досуговой сферы». // Вестник Оренбургского государственного университета.- 2011 г.